

## Жаздырып алатын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату жөніндегі ЕРЕЖЕ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрі 1997 жылғы 3 қарашадағы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі 1997 жылғы 1 желтоқсандағы Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 ақпанда N 446 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2005 жылғы 1 сәуірдегі бұйрығы.

"Бекітемін"

"Бекітемін"

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық

Көлік және коммуникациялар

келісім министрі

министрі

3.11.1997 жыл

1.12.1997 жыл

## I. Жалпы ережелер

1. Жаздырып алатын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату жөніндегі ереже Азаматтық кодекс және Қазақстан Республикасының "Баспасөз және басқа ақпарат құралдары туралы" және "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" заңдарына сәйкес жасалған. Бұл ереже редакциялардың, басқалар мен таратушылардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымдарын жаздырып алушыларының құқықтары мен міндеттерін а й қ ы н д а й д ы .

2. Бұл ереже қандай да меншік және ведомстволық түріне жататынына қарамастан барлық шаруашылық субъектілеріне редакциялар, мерзімді баспасөз басылымдарын шығарушылар, мемлекеттік почта байланысы кәсіпорындары, басқа да кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мерзімді баспасөз басылымдарын шығару және тарату саласында қызмет ететін заңды тұлға болып табылатын жеке кәсіпкерлерге де қ а т ы с т ы .

3. Қандай да меншік және ведомстволық түріне жататынына қарамастан барлық шаруашылық субъектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мерзімдік баспасөз басылымдарын шығару және тарату саласында қызмет ететін заңды тұлға болып табылатын жеке кәсіпкерлер баспасөзге жазылушылар құқығын сақтауға міндетті.

4. Осы Ережедегі пайдаланылатын терминдер мен атаулар мына жайларды аңғартады :

"Жазылу" - белгілі бір күнтізбелік мерзімде басылып шығатын мерзімді баспасөз басылымдарының жинағын көрсетілген мекен-жай бойынша жаздырып алушыға міндетті түрде жеткізу /тарату/ туралы сатып алу жөніндегі шарт;

"жаздырып алушы" - мерзімді баспасөз басылымдарына жазылып, құнын төлеген жеке немесе заңды тұлға;

"мерзімді баспасөз басылымы" - белгілі бір күнтізбелік мерзімде нақты мерзімде шығуға арналған, бұқаралық ақпарат құралы болып табылатын редакция мен баспаның басылып шыққан өнімі;

"жаздырып алу бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын тарату" мерзімді баспасөз басылымдарына жазылу, жинау, мерзімді баспасөз басылымдарына сұраныстар жасау және топтастыру, сұрыптау таралымдарды сыртқы аймаққа және облыс ішінде тарату кезіндегі құрылтайшы, редакция, баспа таратушы және жаздырып алушы араларындағы өзара әрекет;

"жаздырып алу бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын таратушы" редакциямен /құрылтайшымен/, баспамен шарт арқылы немесе басқа да негіз бойынша шартта көрсетілмеген мерзім кезеңінде мерзімді баспасөз басылымдарының жинағын жаздырып алушыға жеткізіп беруді қамтамасыз етуші заңды тұлға;

"мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуды қабылдау" - мерзімді баспасөз басылымдарының жинағын сатып алу-сату, оны жеткізу /тарату/ қызметіне төлем төлеп жазылу, мерзімін, дерегін растайтын абонементтің түбіртегі қағазын /квитанция/ немесе басқа құжат, мерзімді баспасөз басылымының атауы және оны алатын мекен-жайы көрсетілген шарт жасау;

"Жазылу бойынша мерзімді баспасөз басылым басқа мекен-жайға аудару" - мерзімді басылымдарды алу үшін жаздырып алатын басылымдарды жаңа мекен-жайға аудару;

"мерзімді баспасөз басылымдарына жазылудың күшін жою"- мерзімді баспасөз басылымдарының жинағына сатып алу-сату, жеткізу /тарату/ жөніндегі шартты бұзу;

"мерзімді баспасөз басылымының редакциясы" - мерзімді баспасөз басылымын өндіріске жіберіп басып шығаруды жүзеге асыратын /қандай да болсын меншік түріне қатысы жоқ/ ұйым;

"баспа" - кітап немесе басқа да баспа өнімдерін өндіріске жіберуге әзірлеп, басып шығаратын мемлекеттік меншік түріндегі кәсіпорын, немесе басқа меншік түріндегі ұйым;

"баспа кәсіпорны" - газет және кітап-журнал өнімдерін шығаруда материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін мемлекеттік меншік түріндегі кәсіпорын немесе басқа меншік түріндегі ұйым;

"баспа брагы" - тиісті өнімге техникалық жағдайы мен ГОСТ талабына сәйкес

к е л м е й т і н                      б а с п а                      ө н і м і .

5. Мерзімді баспасөз басылымының құрылтайшысы жөніндегі ұғым Қазақстан Республикасының "Баспасөз және басқа ақпарат құралдары туралы" заңда /15-бап/ айтылған.

## **2. Мерзімді басылымдарды жаздырып алу арқылы таратудың негізгі принциптері**

6. Мерзімді басылымдарды жаздырып алу карточкалық және адрестік жүйе бойынша таратылады.

Мерзімді басылымдарды карточкалық жүйе бойынша тарату кезінде олар аралық пункттегі сұрыптаушыларға жаздырып алушылардың мекен-жайларын тарату үшін келесі сұрыптауға жіберіледі.

Мерзімді басылымдарды адрестік жүйе бойынша тарату кезінде олар жаздырып алушылардың мекен-жайына тікелей тарату үшін таратушыларға жіберіледі.

7. Жазылу шартын /тарату жүйесі, тарату аумағы, басылым көлемі, шығу кезеңдері, ең аз және ең көп жазылу кезеңдері/ редакциялар, баспагерлер анықтайды.

8. Жазылу тәртібін /жазылу мерзімі мен мерзімдік басылымдарға тапсырыс ұсыну, жазылу мерзімінің тоқтатылу мерзімін/ аннуляциялау /белгілеу, жазылу мерзімі мен оның ерекшеліктерін/ таратушылар анықтайды.

9. Мерзімді басылымдарға жазылу бағасын құрау принципін редакциялар, баспагерлер мен таратушылар бірлесе отырып анықтайды.

Жазылу бағасын басып шығару /каталогтік/ және жеткізіп беру /тарату қызметінің құны/, басып шығару бағасын редакция мен баспа орны, ал жеткізіп беру бағасын таратушылар анықтайды.

10. Мерзімді басылымдарға жазылу тәртібі мен шарттарын редакциялар басып шығарушылар мен таратушылар жазылу мерзімі басталғаннан кейінгі оны жүргізу кезеңі ішінде ақпарат құралдары арқылы және жарнамалар беру арқылы жергілікті тұрғындарға түсіндіріліп, естеріне салып отырады.

## **3. Редакциялардың, бастырып шығарушылардың міндеттері мен құқығы**

11. Редакция немесе оның тапсыруы бойынша басып шығарушылар таратушылармен мерзімдік басылымдарды жаздырып алушыларға тарату жөнінде шарт жасасады. Шартта мерзімдік басылымдарды таратудың тәртібі мен шарты, оның жазылым тиражы және басылып шығу мерзімі қарастырылып, екі жақтың жауапкершілігі және даулы мәселелерді шешу тәртібі ескертіледі.

12. Редакция мен басып шығарушылар жазылу мерзімі басталғанға дейін таратушыларға жаздырып алушыларға таңдау мүмкіндігін беретіндей мерзімдік басылымдар жөніндегі нақтылы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

13. Редакция құрылтайшының тапсырысы бойынша мерзімдік басылымды кезеңіне сәйкес, тарату каталогінде көрсетілгендей бүкіл жазылу кезеңінде барлық нөмірлерін үзбей шығарып отыруды қамтамасыз етуге міндетті.

14. Мерзімді басылымдар ұзақ мерзім бойы шықпай қалған жағдайда: газеттер - 20 нөмір қатарынан, ал журналдар 4 нөмірден артық қатарынан, жазылу мерзімі өз күшін жойып тоқтатылады да, редакция мен басып шығарушылар жаздырып алушылар мен таратушылардың шығынын инфляцияны ескере отырып шығындарды қайтаруға міндетті.

15. Құрылтайшының, редакцияның, басып шығарушылардың бастамасы бойынша жазылудың күшін жою немесе мерзімдік басылымды шығаруды тоқтату мерзімді басылымды тоқтатқаннан кейін жазылушылар мен таратушыларға келтірілген шығынды қайтарған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

16. Редакция мен басып шығарушы басылымның таратылуы мен жазылуы тәртібін жаздырып алушыларға хабарлауды өз есебінен немесе таратушылар арқылы жүзеге асырады немесе басылым жеткізілмеген жағдайда, сапасыз шығарылып товарлық түрін жоғалтса, жаздырып алушы басылымның белгілі бір санын ала алмаса, онда жаздырып алушының талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

#### **4. Таратушылардың міндеттері мен құқығы**

17. Таратушының редакциямен /басып шығарушымен/ мерзімдік басылымды тарату жөнінде шарт жасасқанда Қазақстан Республикасының баспасөз істері және бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі мемлекеттік органнан берілген бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеп есепке алғандығын растайтын куәліктің көшірмесін талап етуге құқығы бар.

18. Таратушы қажет болған жағдайда мерзімдік басылымдарға индекстер беріп, осыған сәйкес каталогтер шығарады. Каталогте редакцияның, басып шығарушының мекен-жайы немесе байланыс телефоны көрсетіледі.

19. Мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға қарасты жаздырып алу пункттерінің жұмыс кестесін жергілікті өзін-өзі басқару органы тағайындайды.

Әр түрлі меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындарға қарасты жаздырып алу пункттерінің жұмыс кестесін сол кәсіпорын иелері немесе олардың өкілетті органдары анықтайды.

20. Таратушы баспасөзге жазылу басталғанға дейін жаздырып алу

пункттерінің жұмыс режимі, оның өткізілу мерзімі, жазылудың тәртібі мен шарттары, мерзімдік басылымдарды жеткізіп берудің нақтылы мерзімі туралы мәліметтерді жергілікті тұрғындарға хабарлауы керек.

Жаздырып алушыларды қабылдау пункттерінің олардың қызметтерінің түрлері мен ұйымдастыру тәсілдері, егер бар болса нақтылы атауы жұмыс кестесі туралы ақпарат хабарлары болуы шарт. Жазылушыларды қабылдау пункттері маңдайша жазуларында таратушылардың заңды мекен-жайын және байланыс телефондарын көрсетуге міндетті.

21. Таратушы жергілікті тұрғындардың, мекемелер мен ұйымдардың каталогке сәйкес барлық мерзімдік басылымдарға жазылуын қамтамасыз етеді.

Каталогке енгізілген басылымдарға жазылуды қабылдаудан негізсіз бас тартқан жағдайда таратушы арадағы шартта көрсетілгенінде редакция алдында ж а у а п б е р е д і .

22. Таратушы мерзімді басылымдарды хабарланған мерзімде шығу кестесіне сәйкес және оларды тасымалдау бағытының жоспарына орай жаздырып алушыларға жеткізіп беруді қамтамасыз етуге міндетті.

23. Мерзімді басылымдарға жазылымдарды қабылдау және олардың тираждарын жеткізу кезінде таратушы жеке ақы үшін қосымша қызметтер / мерзімді басылымдарды сақтау, жазылушының орнына жазылым құжаттарын толтыру, жазылым бойынша мерзімді басылымдардың мекен-жайын өзгерту, таратушыны үйге шақыру бойынша жазылым қабылдау және басқалар/ көрсете а л а д ы .

24. Таратушы осы жазылым кезінде ұзақ уақыт басылып шықпай қалған жағдайы болған басылымдарды кезекті жазылым мерзімінде таратудан бас тартуға құқылы.

## **5. Жазылушының құқықтары мен міндеттері**

25. Жазылушының құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Жазылушы таратушыдан оның кәсіпорны, мекемесі немесе ұйым таратылатын мерзімді басылымдар, өздеріне көрсетілетін қосымша қызметтер туралы дәйекті ақпараттар беруді талап етуге құқылы. Аталмыш ақпараттар, сондай-ақ осы Ереже жазылушылардың назарына көрнекі және ашық түрде ж е т к і з і л у і т и і с .

27. Жазылушы мерзімді басылымға кезекті жазылым айынан бастап жазылым мерзімінің аяғына дейін немесе оның бір бөлігіне, сондай-ақ мерзімді үзе отырып ж а з ы л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

28. Жазылушы жазылым ақысын төлеу түрін: қолма-қол есеп айырысу немесе

аударым арқылы есеп айырысуды таңдауға құқылы.

29. Жазылушы өз ынтасымен мерзімді басылымдарға жазылымның күшін жоюға, және соған орай жазылымды қабылдау, тапсырысты орындау жөнінде бұрынғы атқарылған жұмыстардың және жазылым құнын қайтаруға байланысты қосымша шығындарды ұстап қалу арқылы басылымдардың қолына тимеген даналарының өзі төлеген жазылу құнының сомасын қолма-қол қайтарып алуға құқылы.

30. Жазылушы жазылым құжаттарын толтырудың таратушы белгілеген мынадай талаптарын басшылыққа алуға міндетті: басылымның индексі мен атауын, жазылым мерзімін, елді мекеннің /қала, ауыл, поселке/ атауын, қызмет көрсететін байланыс бөлімшесінің индексін, көшесінің атын, үйі мен пәтерінің нөмірін, өзінің фамилиясы мен аты-жөнін нақтылы және айқын көрсету. Жазылушы бұл талаптарды орындамаған жағдайда таратушы өз міндеттерін орындауға тиісті жауапкершіліктен босатылады.

31. Жазылымды толтыру кезінде таратушы жазылым жазылушыға, абонементтің түбіртегін немесе жазылым фактісі мен мерзімін, мерзімді басылымның атауын және оның алынатын мекен-жайын куәландыратын басқа бір құжат беруге міндетті.

32. Мерзімді басылымдарды полиграфиялық ақаумен алған немесе басылымның тиісті данасын алмаған, немесе басылым данасын товарлық бейнесіз алған, немесе редакцияның баспагердің немесе таратушының кінәсінен, мерзімді басылымды жеткізудің жарияланған мерзімі сақталмаған жағдайда жазылушы айыппұл төлеу және шығынның орнын толтыру жөнінде редакцияға, баспагерге немесе таратушыға талап қоюға құқылы.

33. Мерзімді басылымын алмаған немесе оны белгіленген уақытынан кем алған жазылушы өз таңдауына қарай: оны жеткізудің жаңа мерзімін белгілеуге, мерзімінде қолына тимеген басылым данасының жалпы жазылым құнын қайтаруды немесе басылымды /оның жеке данасын/ басқа адамнан алған шығындарының орнын толтыруды талап етуге, жазылымның күшін жойып, шығындарының орнын толтыруды талап етуге құқылы.

34. Мерзімді басылымды полиграфиялық ақаумен немесе товарлық бейнесін жоғалтқан күйде алған жазылушы өз таңдауына қарай: мұндай басылым данасын айырбастап беруді, басылымды /оның жеке данасын/ басқа адамнан алған шығындарының орнын толтыруды талап етуге немесе жазылымның күшін жойып, шығындарының орнын толтыруды талап етуге құқылы.

35. Жазылушылардың мерзімді басылымдарды жеткізу мерзіміне қатысты талаптары: газеттер жөнінде бір ай мерзімі ішінде, ал кітаптар мен журналдар жөнінде оны шығарудың жоспарлы мерзімі аяқталған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде қабылданады. Полиграфиялық ақаулы немесе товарлық бейнесін

жоғалтқан мерзімді басылымдардың таратымды жөніндегі талаптарды: газеттер бойынша - алған күнін есептемегенде 14 күндік мерзімде, кітаптар мен журналдар бойынша ондай дананы алғаннан кейін 2 ай мерзім ішінде қабыл а л а д ы .

36. Мерзімді басылымның товарлық бейнесі жазылушының кінәсінен жоғалғаны дәлелденсе жазылушының оны айырбастау жөніндегі және мерзімді басылымның товарлық бейнесіне қатысты басқа да талаптары қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л м а й д ы .

37. Жазылушыға ақылы қосымша қызметтерді міндеттеуге, таратушының құқығы жоқ. Жазылушы өзінің келісімінсіз көрсетілген қосымша қызметтері үшін төлеген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

## **6. Екі жақтың жауапкершілігі**

38. Редакция, баспагер мерзімді басылымның уақытылы шығуын, ұйымдастыру, сондай-ақ басылымдардың көлемі ұлғайтылмай бірлескен нөмірлерін шығару үшін жауапкершілік көтереді. Мерзімді басылымның жарыққа шығуы кешігетін жағдайда баспагер ол туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды /кешігуге кінәлінің есебінен/. Мерзімді басылымның жарыққа шығуының кешігетіні немесе оның көлемінің өзгеретіні туралы хабар таратушыға қызмет каналдары арқылы уақытылы хабарлануы тиіс.

39. Баспагерге, редакцияға немесе таратушыға тиісті талап қойылуына сәйкес полиграфиялық ақаулы немесе товарлық бейнесін жоғалтқан мерзімді басылымды айырбастау басылымның артық данасы болған жағдайда - қолма-қол, ал ол болмаған және сұраныс немесе қосымша басылым қажет болған жағдайда - сәйкес талап қойылған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы тармақта көрсетілген мерзімдердің бұзылған әр күні үшін жазылушыға басылымның данасы айырбастап берумен бірге басылымның сапасыз, данасының жалпы құнының 1 процент мөлшерінде айыппұл төленеді.

40. Уақытында жеткізілмеген мерзімді баспасөз басылымдарын тиісті талапқа сәйкес баспасөз таратушыға, баспаға немесе редакцияға жедел немесе жаңа мерзімде табыс етілуге тиіс.

Аталмыш дананы жедел табыс ету мүмкін болмаған жағдайда талап етілген күннен бастап бір ай ішінде табыс етілуге тиіс.

Осы пункттерде көрсетілген талаптар орындалмаған әрбір күн үшін мерзімді баспасөз басылымдарын жаздырып алушыға тиісті басылыммен қатар мерзімді баспасөзді тарату құнының 3 проценті есебінде айып төленеді.

41. Баспасөзге жазылушының 39 және 40 баптардағы /осы Ереженің/

талаптары орындалмаған жағдайда баспасөзге жазылушы осы Ереженің 33 және 34 баптарына сүйене алады. Мұндай жағдайда баспасөзге жазылушының талаптары оның ақы төлеу есебіне жатпайды.

42. Төленбеген қаржыны өтеу және шығындарды қайтару редакцияны, баспаны және таратушыны өздерінің баспасөзге жазылушылар алдындағы міндеттерінен босатпайды.

43. Баспасөзге жазылушының мерзімді баспасөзді алмағаны үшін талап ететін ақшасы нақты баспасөздің жазылу бағасынан аспауға тиіс.

44. Редакция, баспа және таратушы өз міндеттерінен табиғи апаттан және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген негіздерге сәйкес босатылады.

45. Баспасөзді жаздырып алуда таратушымен келісім болған жағдайда баспасөзге жазылушы басылымдарды уақытында алуға тиіс. Бұл келісім орындалмаған жағдайда жаздырып алушы таратушының шығынын өтеуге міндетті.

46. Құрылтайшының, редакцияның, баспаның және таратушының жауапкершіліктері келісім-шартта көрсетіледі.

Құрылтайшының, редакцияның, баспаның және таратушының баспасөз жазылушылар алдындағы жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстерімен анықталады.

47. Баспасөзге жазылушыға оның құқығын бұзу салдарынан жасалған моральдық зиян келтірушілік осы ережеде көрсетілгендей, соттың шешімі бойынша оны жасаған адамның есебінен төленуге тиісті.

48. Жазылу бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын таратуға байланысты құқықтық қарым-қатынастарға байланысты дау-дамайлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сотта немесе арбитраждық сотта қаралып, шешіледі.